

"Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2019 жылғы 20 мамырдағы № 260 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 23 мамырда № 18719 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында:

7-тармақтың 28)-тармақшасын мынадай редакцияда жазылсын:

"28) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға шығыстарды жоспарлау кезінде ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның қорытындысы;"

37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"37. 01-161-нысан (48-қосымша) ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығыстарды есептеуге арналған.

136 "Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік сапарлары", 137 "Алқабилердің іссапарлар шығыстары", 161 "Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар" ерекшеліктері бойынша шығыстарды есептеу үшін мемлекеттік мекемелер 48-қосымшаны қолданады.

01-161-нысан бойынша шығыстарды есептеу кезінде "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 және "Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға

арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 (бұдан әрі - № 256 қаулы) қаулыларын басшылыққа алған жөн.

38. 01-162-нысанды (49-қосымша) мемлекеттік мекемелер елден тыс жерлерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды есептеу үшін толтырады.

Осы есептеуді жасаған кезде № 256 қаулысын басшылыққа алған жөн.";

көрсетілген Қағидаларға 23-қосымша осы Бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрінің
2019 жылғы 20 мамырдағы
№ 260 бұйрығына
қосымша
Бюджеттік өтінімді
жасау және ұсыну
қағидаларына 23-қосымша
01-123-нысан

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру сыйлықақысы мөлшерін есептеу

Кодтары

Орталық атқарушы органның жауапты хатшысы/

мемлекеттік мекеме басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бюджеттік бағдарлама басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бас бухгалтер/ қаржы-экономикалық

бөлімінің бастығы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

* Бұл баған "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті

сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына сәйкес

толтырылады.

** Бұл баған былайша есептеледі: ((көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x баған

2 x 1,2 x коэффициент (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x

баған 3)+(көлік құралдарын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x баған 2 x 1,2 x коэффициент (астана,

республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 4)+(1,9 x баған 2 x 1,2 x

көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент (астана, республикалық және облыстық

маңызы бар қалалар үшін) x гр.5)+(1,9 x баған 2 x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша

коэффициент (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар) x баған 6)+(1,9 x

баған 2 x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэфф.(астана, республикалық және

облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 7)+(көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x

баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар) x баған 8)+(көлік

құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x баған 2 x 1,2 x коэффициент (астана, республикалық

және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 9) +(көлік құралын тіркеу аумағы бойынша

1,9 x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған

10)+ (көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және

облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 11) + (көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9

x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған

12)+ (көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және

облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 13)+(көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x

баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған

14)+(көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және

облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 15)+(көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9

x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған

16)+(көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және

облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 17)+(көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9

x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған

18)+(көлік құралын тіркеу аумағы бойынша 1,9 x баған 2 x 1,2 x (астана, республикалық және

облыстық маңызы бар қалалар үшін) x баған 19)) x МРП/1000